

«Қоршаған орта. Орман шаруашылығы» Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің

№2 ОТЫРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Тақырып: Білім берудегі нейрондық желілер және ЖИ.

Негіздеме: «Цифрлық Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру және Мемлекет басшысының жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі тапсырмалары шеңберінде, ТжКБ (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру) жүйесі жүйелі трансформацияны талап етеді.

Оқу процесіне жасанды интеллектіні енгізу - бұл жай ғана тренд емес, «Индустрия 4.0» жағдайында жұмыс істеуге дайын, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың қажетті шарты. Бұл - заттар интернеті (IoT), жасанды интеллект (ЖИ), ауқымды деректер, бұлтты есептеулер және киберфизикалық жүйелер сияқты «ақылды» технологиялардың көмегімен өндірістік процестерді толық цифрландыруға, автоматтандыруға және интеграциялауға негізделген өндіріске деген заманауи тәсіл.

Мақсат: озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және орман шаруашылығы мен экология салалары үшін кадрлар даярлауға жасанды интеллект технологияларын интеграциялау.

Уақыт	Бағдарлама блогы	Баяндамашы / Жауапты
9 ³⁰ – 9 ⁴⁰	I. Отырысының ашылуы. Құттықтау сөз. Салалық білім беруге жасанды интеллектіні интеграциялаудың мақсаттары мен міндеттері.	ОӘБ басшысының орынбасары, әдіскер
9 ⁴⁰ – 9 ⁵⁰	II. Экология және орман шаруашылығындағы ЖИ трендтері	ОӘБ басшысының орынбасары, әдіскер
9 ⁵⁰ – 11 ¹⁵	III. Тәжірибе панорамасы (ПТЖ жинақтау). Колледж оқытушыларының үздік кейстерінің таныстырылымы.	Бейінді колледждердің өкілдері
Тема: Конференция Zoom УМО ВКЛХЭиТ Время: 30 янв. 2026 09:30 AM Астана, Алматы Подключиться к конференции Zoom https://us06web.zoom.us/j/84830297445?pwd=SFgljalivaD20ekwKcixvcxsWCfXwx.1		
Регламент	Педагогтің А.Ж.Т.	Білім беру ұйымы
	Турлыгожаева Лязат Ергалиевна, география пәнінің оқытушысы	«Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі» МКҚК «Алматы облысының білім басқармасы» ММ
9 ⁵⁰ - 10 ⁰⁵	Аңдатпа Студенттердің картамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру» атты осы әдістемелік құрал білім алушылардың	

	<p>картографиялық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін тиімді оқыту әдістері мен тәсілдерін жинақтауға және жүйелеуге бағытталған.</p> <p>Оқу құралында студенттердің оқу іс-әрекетінде карталарды талдау, оқу және пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға көмектесетін практикаға бағытталған тапсырмалар, заманауи педагогикалық технологиялар мен жұмыс формалары ұсынылған.</p> <p>Құрал материалдары студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, олардың кеңістіктік ойлауын және өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытуға бағытталған. Ұсынылған тәжірибені география және сабақтас пәндер оқытушылары оқу сабақтары мен аудиториядан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында пайдалана алады.</p> <p>Әдістемелік құрал педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге және географиялық білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.</p>	
<p>10⁰⁵ - 10²⁰</p>	<p>Ахметова Хымбат Назынбековна, Сеитов Анар Картаевна, арнайы пәндер оқытушылары</p>	<p>Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, Бурабай ауданы, Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК</p>
<p>Аңдатпа</p> <p>«Экология және экотуризм тәрбие жұмысының құралы ретінде» атты ауторлық бағдарлама студенттердің бойында экологиялық мәдениетті, табиғатқа деген жауапты қарым-қатынасты қалыптастыруға және экологиялық сауатты мінез-құлықтың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарлама оқытудың практикаға бағдарланған сипатын қамтамасыз ете отырып, экологиялық білім беруді, экотуризмді, жобалық және еріктілер қызметті біріктіреді.</p> <p>Бағдарлама мазмұны экология мен экотуризм негіздерін зерделеуді, заманауи экологиялық мәселелерді талдауды, табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуды, сондай-ақ экологиялық жобаларды әзірлеу мен қорғауды қамтиды. Жеке жауапкершілікті, экологиялық ойлауды, топтық жұмыс дағдыларын және азаматтық белсенділікті қалыптастыруға ерекше назар аударылады.</p> <p>Бағдарлама 24 сағатқа есептелген және колледждің тәрбие жұмысы жүйесінде, сабақтан тыс іс-әрекетте немесе қосымша білім беру аясында қолданылуы мүмкін. Ол педагогтарға, топ кураторларына және білім беру ұйымдарында тәрбиелік және экологиялық бағыттарды іске асыратын мамандарға арналған.</p>		

<p>10²⁰ - 10³⁵</p>	<p>Казакова Любовь Сергеевна, Семкина Наталья Викторовна, Ермоленко Наталья Дмитриевна, арнайы пәндер оқытушылары</p>	<p>Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Щучинск қаласы, Бурабай ауданы, Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі» МКҚК</p>
<p>Аңдатпа</p> <p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған инклюзивті экобілім беру» тақырыбы заманауи жағдайда өте өзекті және әлеуметтік маңызды болып табылады. Бұл әсіресе болашақ мамандардың кәсіби деңгейі ғана емес, сонымен қатар азаматтық және экологиялық жауапкершілігі қалыптасатын орта кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие.</p> <p>XXI ғасырда адамзат жаһандық экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр: климаттың өзгеруі, биоәртүрліліктің жойылуы, қоршаған ортаның ластануы және табиғи ресурстардың сарқылуы. Осындай жағдайда экологиялық білім беру қоғамның тұрақты дамуының ажырамас бөлігіне айналууда. Алайда, экологиялық білім беру тек барлық білім алушыларды, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды түгел қамтығанда ғана шын мәнінде тиімді болмақ. Сондықтан бүгінгі таңда инклюзивті экобілім беру білім беру саясаты мен педагогикалық практиканың маңызды бағыты ретінде қарастырылады.</p>		
<p>10³⁵ – 10⁵⁰</p>	<p>Хамитова Мадина Ардаковна</p>	<p>Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының Геологиялық барлау колледжі» МКҚК</p>
<p>Аңдатпа</p> <p>Қазіргі уақытта білім беру жүйесі қарқынды цифрландыру кезеңінен өтуде және жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары оқу процесіне белсенді түрде енгізілуде. Әсіресе, күрделі әрі көрнекі материалдарды қажет ететін биология сияқты пәндерде жасанды интеллектіні пайдалану оқыту сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Жасанды интеллектінің көмегімен білім алушылар күрделі биологиялық процестерді интерактивті форматта меңгеріп, виртуалды зертханалар арқылы эксперименттер жүргізе алады. Бұл әдіс дәстүрлі оқыту тәсілдерін толықтырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу және талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.</p> <p>Биология пәнінің ерекшеліктері және оның интерактивті оқытудағы маңызы. Биология - тірі табиғаттың заңдылықтарын</p>		

	<p>зерттейтін және ғылыми тұжырымдамаларды дәлдік пен бақылау арқылы меңгеруді талап ететін сала. Сондықтан биологияны оқытуда көрнекі модельдерді, цифрлық симуляцияларды және интерактивті тапсырмаларды қолдану - білім сапасын арттырудың тиімді жолы. Бұл бағытта жасанды интеллект әрбір білім алушының жеке қарқыны мен қабілетіне бейімделген оқыту мүмкіндігін ұсынады.</p>	
<p>10⁵⁰ – 11⁰⁵</p>	<p>Кусбекова Акмарал Шайкеновна Ешанова Гульнар Жалгасовна, арнайы пәндер оқытушылары</p>	<p>Абай облысы білім басқармасының «Бесқарағай колледжі» КММ Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық-техникалық колледжі</p>
<p>Аңдатпа</p> <p>Аталған оқу құралы білім беру мекемелерінің оқу бағдарламалары негізінде әзірленді. Құралда «Гүл шаруашылығы және флористика» курсы бойынша теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында зертханалық сабақтарды өткізуге арналған материалдар қысқаша мазмұндалған. Сондай-ақ дәріс материалдары, тест сұрақтары, глоссарий және «Флористика» құзыреттілігі бойынша WORLDSKILLS тапсырмалары берілген. Оқу құралында келесі мәселелерді зерделеуге бағытталған іс-шаралар кешені ұсынылған:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Гүлді-сәндік өсімдіктердің жүйеленуі және оларды көбейту әдістері. • Гүл дақылдарын ашық және қорғалған грунтта өсіру тәсілдері. • Елді мекендер мен ғимараттарды көгалдандыру үшін өсімдіктерді пайдалану мүмкіндіктері. • Композициялар жасау үшін флористикалық материалдарды іріктеу және жіктеу. • Композициялар құрастыру және интерьерді сәндік өсімдіктермен безендіру кезіндегі флористика техникасы мен стильдері. <p>Оқу құралы гүлді-сәндік өсімдіктердің ассортиментін, оларды өсіру технологияларын, ашық кеңістіктер мен интерьерлерді безендіруге пайдалануды, сондай-ақ кесілген гүл өнімдерін алуды зерделеуді қамтиды. «Гүл шаруашылығы және флористика» біліктілігі бойынша оқу құралы студенттерге өсімдік шаруашылығының осы күрделі саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Оның мақсаты - кәсіби даярлық сапасын арттыру, бейіндік пәндер бойынша білімді бекіту, теорияны практикалық</p>		

	қызметпен ұштастыру және практикалық есептерді шешу дағдыларын қалыптастыру. Оқу құралы жоғары оқу орындарының, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің (колледждердің) студенттеріне арналған	
11 ⁰⁵ - 11 ¹⁵	Қорытынды жасау. ОӘБ ұсынымдарын қабылдау.	ОӘБ мүшелері

РОӘБ төрайымы,
ЖОШЭЖТК басшысы

А.М.Кожяков

РОӘБ бойынша басшының
орынбасары

Н.В.Семкина

РОӘБ әдіскері

Л.С. Казакова

